

Республика соттарының денсаулыққа келтірілген зиянды өтеу жөніндегі заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 1999 жылғы 9 шілде N 9 Нормативтік қаулысы.

Ескерту. Нормативтік қаулының тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 31.03.2017 № 2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Нормативтік қаулысымен.

Шарттық және өзге де міндеттемелерді орындау кезінде өмірге және денсаулыққа келтірілген зиянды өтеу туралы заңнаманы біркелкі қолдану мақсатында Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жалпы отырысы қаулы етеді:

Ескерту. Атауы мен кіріспеге өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы сотының 2004 жылғы 18 маусымдағы N 12 нормативтік қаулысымен.

1. Шарттық және басқа да міндеттемелерді орындаған кезде азаматтардың өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеумен байланысты даулар, егер зиян келтірғен тұлғаның жоғары жауапкершілігі заңнамалық актілермен немесе шартпен көзделмесе, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 47-тaraуында көзделген нормаларға сәйкес, азаматтық сот ісін жүргізу тәртібінде шешіледі.

Шарттық міндеттемелер деп шарттан туындаитын міндеттемелерді түсінген жөн. Мұндай шарттарға еңбек шартын (келісім-шарт), тапсырма шартын және т.б. жатқызуға болады.

Өзге де мән-жайлар деп жәбірленушімен шарттық қатынаста болмаған адамның келтірілген зиянды өндіру жөніндегі міндеттемелерін, мысалы, айналасындағылар үшін аса қаупті жағдай (жоғары қауіп көзін) туыннатқан адамның қызметін және басқаны түсінген жөн.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Жоғарғы сотының 2011.12.30 N 5 нормативтік қаулысымен.

2. Шарттық және өзге де міндеттемелерді орындауды кезінде жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу туралы талап арыз нысаны мен мазмұны жағынан Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі – АПК) 148, 149-баптарына сәйкес болуға тиіс.

Қойылған талаптардың сипатына қарай талап арызға жәбірленушіге зиян келтірілгені туралы растайтын дәлелдемелер, атап айтқанда, ұйым әкімшілігінің еңбек жарақатын алған қызметкерге келтірілген зиянды өтеу туралы шешімі (бұйрығы, өкімі); жазатайым жағдай немесе қызметкердің еңбек қызметіне байланысты денсаулығына келтірілген өзге де зақым туралы акт; жазатайым жағдайды арнайы тексеру туралы акт;

дәрігерлік-әлеуметтік сараптама комиссиясының (ДЭСК) еңбек міндеттерін атқаруына байланысты жарақат алған немесе денсаулығына өзгедей зиян келтірілген қызметкердің кәсіптік еңбек қабілетін жоғалту дәрежесін (пайызben алғанда) анықтау туралы қорытындысы; сот-медицинадық сараптама комиссиясының денсаулыққа басқадай зақым келген жағдайда берген қорытындысы; жәбірленушінің басқа адамның күтімін және басқа қосымша шығындардың түрлерін қажетсінетіні туралы қорытынды; АҚ-нің 938-бабына сәйкес есептелеңін орташа айлық есептік көрсеткіштің (табыстың) мөлшері туралы мәліметтер, сондай-ақ басқа да қажетті құжаттар қоса тіркеуге тиіс.

Арыздың дұрыс қаралуы үшін тараптардың қажетті дәлелдемелерді ұсынуы мүмкін болмаған жағдайда, судья дәлелді өтініш бойынша, АПК-нің 15-бабының үшінші бөлігінде сәйкес, қажетті материалдарды ұйымнан немесе мудделі адамдардан осындай дәлелдемелерді сұратып алуға ықпал етуге міндетті.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Жоғарғы сотының 2011.12.30 N 5; өзгеріс енгізілді – ҚР Жоғарғы Сотының 31.03.2017 № 2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Нормативтік қаулыларымен.

2-1. Алынып тасталды - ҚР Жоғарғы сотының 2011.12.30 N 5 нормативтік қаулысымен.

Ескерту. 2-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Жоғарғы сотының 18.06.2004 N 15 нормативтік қаулысымен.

3. Өндірістегі жазатайым жағдай немесе қызметкердің денсаулығына өзге де зақым келтірілгені туралы белгіленген нысандағы актіге еңбек қорғау қызметінің және ұйым құрылымының жетекшілері қол қояды, оны жұмыс беруші бекітіп, ұйымның мөрімен куәландырады. Кәсіптік ауруға шалдыққан (уланған) жағдайда тиісті актіге халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның өкілі де қол қояды.

Егер жұмыс беруші занды тұлғаны құрмаған адам болса, онда белгіленген нысандағы актінің жұмыс беруші толтырып, қолын қояды және нотариат арқылы куәландырады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Жоғарғы сотының 2011.12.30 N 5; өзгеріс енгізілді – ҚР Жоғарғы Сотының 31.03.2017 № 2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Нормативтік қаулыларымен.

4. Толық не ішінара кәсіби еңбек қабілеттілігін, ал олай болмаған жағдайда – жалпы еңбек қабілеттілігін жоғалтқан зардап шегушілер денсаулыққа келген зиянды өтеттіруге құқылы. Егер кәмелеттік жасқа жетпеген, он төрт жасқа толмаған (жасөспірім) және еңбекақы алмайтын адам мертіксе немесе оның денсаулығына өзге де зақым келсе, денсаулығының зақымдануына байланысты шығындар өтелуге жатады.

Жәбірленуші (асыраушы) қайтыс болған жағдайда оның асырауындағы немесе ол қайтыс болған күнге дейін одан жәрдем алып тұруға құқығы болған еңбекке жарамсыз адамдар, сондай-ақ адам қайтыс болғаннан кейін дүниеге келген оның баласы,

сондай-ақ АҚ-нің 940-бабының 1-тармағында көрсетілген басқа да адамдар зиянды өтету құқығына ие болады.

Келісімшарт бойынша, еңбек (қызмет) міндеттерін, әскери қызмет міндеттерін орындаумен байланысты жұмысшының денсаулығына келген зиянды үйым немесе жұмыс беруші жеке тұлға, егер олардың кінәсі анықталған жағдайда ғана өтейді.

Егер жұмысшының денсаулығына келісімшарт бойынша, еңбек (қызмет) міндеттерін, әскери қызмет міндеттерін орындаумен байланысты зиян жоғары қауіп көзі арқылы келтірілсе, мұндай зиян келтіргені үшін жоғары қауіп көзінің иесі жауапты болады.

Алайда, егер үйым немесе жұмыс беруші-жеке тұлға берген көлікпен жұмыс орнына бара жатқанда немесе одан қайтар жолда жұмысшының өміріне және денсаулығына зиян келсе, онда жұмыс беруші-жеке тұлға зардал шегушінің алдында жауапты болады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - КР Жоғарғы сотының 2011.12.30 N 5 нормативтік қаулысымен.

5. Қызметі басқа адамдарға қауіп-қатермен байланысты жеке және заңды тұлғалар, егер зиянның келтірілуі бой бермейтін күштің салдарынан немесе зардал шегушінің қасақаналығынан болғаны дәлелденбесе, қатерлі орын туғызу арқылы келтірілген зиянды өтеуге міндетті. Қатерлі орын туғызу иесі келтірілген зиян үшін қазіргі заң негізінде белгіленетін мөлшерде жауап береді.

Жүзеге асырылуы адамның оны толық бақылауға алына келмейтіндіктен зиян келтіретін қатерлі орын туғызатын кез келген әрекеттер, сондай-ақ осындағы сипаттағы өндірістік, шаруашылық және басқа да бағыттағы заттар мен өзге объектілерді пайдалану, тасымалдау, сақтау жөніндегі қызмет қатерлі орын туғызушы болып танылады. Соттар заңды тұлғалар мен азаматтардың үй (оның ішінде қызмет және күзетші иттерінің) және жабайы жануарларының зиянды және бақылауға келмейтін қимылдарын кейбір жағдайларда қатерлі орын туғызушыға жатқызуға болатындығын ескеруі тиіс.

6. Қатерлі орын туғызушылардың қимылданан келтірілген зиян үшін оларды арнайы мақсатпен пайдалану кезінде және зиянды сипаттарының өзінен-өзі пайда болуы кезінде де жауапкершілік туындауды (мысалы, автокөліктің өзінен-өзі жүріп кетуі салдарынан келтірілген зиян).

7. Қатерлі орын туғызушыны пайдалануды меншік құқығы, шаруашылық жүргізу құқығы, оперативтік басқару құқығы ретінде немесе басқа да негіздер бойынша (жалға алу келісім бойынша, көлік құралын жүргізу туралы сенім хат бойынша, құзыретті органның қатерлі орын туғызушыны тапсыру туралы өкімі бойынша) иелену негізінде жүзеге асыратын заңды тұлғаны немесе азаматты қатерлі орын туғызу иесі деп тану керек.

Қатерлі орын туғызушыны оның иесімен еңбек шарты бойынша басқарып отырған адам (жүргізуі, машинист, оператор және т.б.) қатерлі орын туғызушының иесі болып танылмайды және зардап шеккен адамның алдында жауапты болмайды. Егер автокөлік кәсіпорындары және басқа да кәсіпорындар автомашиналарын өзінің жұмысшыларына, яғни кәсіпорынмен еңбек қатынастарында болып, кәсіпорын муддесінде еңбек еткен адамдарға жалға беру шарты бойынша тапсырса және көлік құралы нақты айтқанда кәсіпорынның иелігінен шықпаса, онда келтірілген зиян үшін қатерлі орын туғызу иесі ретінде кәсіпорын жауапты болады.

8. Қатерлі орын туғызушылардың өзара әрекеттестігі нәтижесінде олардың иелерінің денсаулығына зиян келтірілген жағдайда, сottар келтірілген зиян үшін жауапкершіліктің жалпы негіздер бойынша туындайтынын ескеруі керек. Бұл орайда:

бір иегердің кінәсі бойынша екінші иегерге келтірілген зиянды кінәлі жақ өтейтінін; иегердің өз кінәсінен өзіне келтірілген зиянның өтелмелейтінін;

екі иегер кінәлі болған жағдайда зиянды өтеу мөлшері әрқайсысының кінәсінің дәрежесіне сәйкес анықталатынын;

қатерлі орын туғызушы иелерінің бір-біріне зиян келтіргендігінің кінәсі болмаған жағдайда (оның мөлшеріне қарамастан) олардың ешқайсысы өтеу құқына ие болмайтынын ескеру керек. Жоғары қауіп көздерінің бір-бірімен соқтығысуының салдарынан үшінші адамның өмірі мен денсаулығына зиян келтірілген жағдайда жоғары қауіп көздерінің иелері бірлесе жауапкершілік көтереді.

Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы сотының 18.06.2004 N 12; 31.03.2017 № 2 (алғашқы реcми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі)
Нормативтік қаулыларымен.

9. Егер иегер өзінің кінәсінен емес, басқа адамдардың заңсыз әрекеттері салдарынан қатерлі орын туғызушының оның иеленуінен шығып кеткенін дәлелдесе, онда ол зиян үшін жауапкершілікке тартылмайды. Мұндай реттерде қатерлі орын туғызушының нақты иегері болған адамдардың жауапкершілігі жалпы негіздер бойынша белгіленеді.

Егер зиян басқа адамдардың заңсыз әрекеттері салдарынан иегердің иелігінен шығып кеткен жағдайда ғана емес, иегердің де кінәсінан болған жағдайда (мысалы, иегердің қатерлі орын туғызушының тиісті түрде сақталуын қамтамасыз етпеуі), жауапкершілік қатерлі орын туғызушыны тіkelей пайдаланып отырған адамға да, оның иесіне де жүктеледі. Мұндайда жауапкершілік үлес бойынша жүктеледі.

10. Жәбірленуші жаракат алған немесе оның денсаулығына өзгедей зақым келтірілген жағдайда оның алатын немесе алуы мүмкін жоғалтқан еңбекақысы (табысы), сондай-ақ денсаулыққа зақым келтірілуіне байланысты жұмсалатын шығындар (емделу, дәрі-дәрмек сатып алу, қосымша тاماқтану, протез салғызу, санаторлық-курорттық ем алу және т.б. үшін), егер дәрігерлік-әлеуметтік сараптама комиссиясы жәбірленуші көмек пен қутімнің осы түрлерін қажетсінеді және оларды тегін алмайды деп тапса, өтелуге жатады. <*>

Бұл орайда, сottар жоғалтқан жалақысын (табысын) белгілеген кезде зардал шегушінің мертігуі немесе денсаулығына өзге де зақым келуіне байланысты денсаулығына зиян келтірілгенге дейін және одан кейін тағайындалған мүгедектік ақы, сондай-ақ зейнетақы төлемдері өтеу есебіне кірмейтінін ескеруі тиіс. Сондай-ақ зардал шегушінің денсаулығына зиян келтірілгеннен кейін алған жалақысы есептелмейді.

Ескерту. 10-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы сотының 2004 жылғы 18 маусымдағы N 12 нормативтік қаулысымен.

11. Алынып тасталды - ҚР Жоғарғы сотының 2004 жылғы 18 маусымдағы N 12 нормативтік қаулысымен.

12. Сottар өтелуге тиіс жерлеу шығындарына жерлеуге тікелей қатысы бар қажетті шығындар (табыт жасауға, өлген адам үшін киім, венок сатып алуға, зират қазуға, марқұмды жерлеу орнына жеткізу және т.б. арналған шығындар) ғана жататынын ескеруі қажет. Ескерткіш пен қоршау орнатуға арналған шығындар да өтелуге тиіс, бұл орайда оларды әзірлеудің нақты сомасы алынады, бірақ ол сол жерде орнатылған стандартты ескерткіштер мен қоршаулардың шекті бағасынан аспауға тиіс.

Ас беруге байланысты шығындарды өтеу кезінде спирт ішімдіктерін сатып алу үшін жұмсалған шығындар өтелуге жатпайды.

Ескерту. 12-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы сотының 2004 жылғы 18 маусымдағы N 12 нормативтік қаулысымен.

13. Егер мертігуі немесе денсаулығының өзге де зақымдануы еңбек қабілетін ішінара жоғалтуына әкеліп соқтырса және ол мүгедектік тобын анықтауға жеткіліксіз болса, зиян орта айлық еңбек ақысының кәсіби еңбек қабілеттілігін жоғалту деңгейіне сай процентінде өтелуі тиіс.

Ескерту. 13-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы сотының 2011.12.30 N 5 нормативтік қаулысымен.

14. Бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп жатқан сottалған адамдарға түзеу мекемесінің әкімшілігі тапсырмасы бойынша жұмыс істеген кезде келтірілген зиянды өтеу жалпы негіздер бойынша жүзеге асырылады.

Ескерту. 14-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы сотының 2011.12.30 N 5 нормативтік қаулысымен.

15. Талап арызды қанағаттандырарда сот өз шешімінде ұйымның, жұмыс беруші жеке тұлғаның зардал шегушінің денсаулығына зиян келтіруде немесе асыраушының қайтыс болуына нақты кінәсі қандай екенін көрсетуі тиіс.

Талап арызды қанағаттандырмашан кезде ұйымның, жұмыс беруші жеке тұлғаның денсаулыққа зиян кетіруде кінәсі жоқ екенін негіздеу қажет.

16. Зиянды өтеу үшін берілетін ақшалай сомалар зардал шегушіге денсаулығына зақым келу нәтижесінде жалақысын (табысын) жоғалтқан кезден бастап, ал қайтыс болған адамның асырауындағы адамдарға - ол қайтыс болған күннен бастап, бірақ сараптама комиссиясының қорытындысында көрсетілген мерзімде немесе өмірлік

олардың зиянды өтеу үшін берілген ақшалай сомаларды алу құқына ие болған күннен кейін берілуі тиіс. Бұл орайда, соттар АК-нің 187-бабының 3) тармақшасына сәйкес осындай реттегі өтеуге құқы туындаған кезден үш жыл өткеннен кейін қойылған талап - талап арыз берілген жылдың алдындағы үш жылдың көлемінде қанағаттандырылатынын ескеруі керек. Сот шешімінде берілген сомалардың дәлме-дәл есебі, оларды төлеу мерзімдері көрсетілуі тиіс.

Ескерту. 16-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы сотының 18.06.2004 N 12; 31.03.2017 № 2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі)
Нормативтік қаулыларымен.

17. Зиянды өтеу жөнінде тағайындалған ақшалай сомаларының мөлшері мына жағдайларда қайта қаралады: қайтыс болған адам отбасының мүшелері құрамының өзгеруі және зардап шегушінің жоғалтқан кәсіби еңбек қабілеттілігі деңгейінің өзгеруі, сондай-ақ өмір сүру құнының өсуі. Денсаулығына зақым келген кәмелетке толмаған жәбірленуші еңбек қызметі басталған жағдайда зақым көлемінің дендегені туралы арызben жүгінуге құқылы.

АК-нің 283-бабының азаматты тікелей асырап-бағуға ақшалай міндеттеме бойынша төленетін сома (өміріне немесе денсаулығына келтірілген зиянды өмір бойы асырап-бағу шарты бойынша өтеу және басқалары) инфляцияның болжамды деңгейінің орташа мәніне пропорционалды түрде жыл сайын ұлғайтылатыны туралы талаптарының негізінде залалды өтеу мөлшерін азайту жағына қарай қайта қарауға жол берілмейді.

Ескерту. 17-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы сотының 18.06.2004 N 12, 2011.12.30 N 5; 31.03.2017 № 2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі)
Нормативтік қаулыларымен.

18. Егер жұмыс орнында мертігу ұйымның және жұмыс беруші жеке тұлғаның кінәсінен емес, жұмысшының өрескел абайсыздығынан болғаны туралы мәліметтер болған жағдайда, сот сол қайғылы оқиғаны Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 189, 190-баптарымен анықталатын тәртіп бойынша қараган комиссияның шешімін сұратуға міндетті.

Комиссияның жәбірленуші кінәсінің дәрежесі туралы шешімі дәлелдемелердің бірі болып табылады, ол істің барлық материалдарымен бірге АПК-нің 68-бабына сәйкес бағалауға жатады.

Сот жәбірленушінің іс-қимылында өрескел абайсыздықты анықтап, өтелетін зиян мөлшерін оның кінәсінің дәрежесіне қарай азайтуға тиіс. Бұл орайда, қосымша шығындарды өтеу (АК-нің 937-бабы), азаматтың қайтыс болуы салдарынан залал шеккен адамдарға зиянды өтеу кезінде (АК-нің 940-бабы), сондай-ақ жерлеуге жұмсалған шығындарды өтеу кезінде жәбірленушінің кінәсі ескерілмейтінін соттар назарда ұстағандары жөн.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Жоғарғы сотының 2011.12.30 N 5; өзгеріс енгізілді – ҚР Жоғарғы Сотының 31.03.2017 № 2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Нормативтік қаулыларымен.

19. Қатерлі орын туғызуши арқылы денсаулыққа келтірілген зиянды өтеу туралы талап арыздарды қараған кезде сондай зиянды өтеумен бірге, оны кімнің келтіргеніне қарамастан, моральдық залалдың орны толтырылуға жататыны соттарға түсіндірілсін.

20. Кәмелетке жетпеген, жасы 14-ке толмаған зардал шегушілердің денсаулығына келтірілген зиянды, кінәлі болған жағдайда олардың ата-анасы, асыраушылары, қамқоршылары өтейді. Атап айтқанда, кәмелетке толмағандарға тиісті тәрбие бермеген немесе оларға қарамаған жағдайда, оның заңсыз әрекеттеріне мән бермеген жағдайда осындай міндет жүктелуі мүмкін.

Егер жас, қамқоршылық қажет ететін бала тиісті тәрбиелеу, емдеу мекемесінде, халықты әлеуметтік қорғау немесе сол сияқты өзге де заң бойынша оның қорғаушысы болып табылатын мекемеде тұрған жағдайда, онда осы мекеме, егер зиян оның кінәсінен туындағанын дәлелдей алмаса, баланың келтірген зиянын өтеуге міндетті.

Жас бала кәмелетке толғаннан кейін де немесе зиянды өтеу үшін жеткілікті мүлікті алғаннан кейін де ата-ананың, асыраушылардың, қамқоршылардың, оқу орындарының, тәрбиелеу, емдеу және басқа да мекемелердің зиянды өтеу міндеті жойылмайды.

21. Жасы 14-тен 18-ге дейін аралықтағы кәмелетке толмаған баланың келтірген зиянын өтеу туралы істерді қараған кезде, соттар АК-нің 22-бабының 4-тармағына сәйкес олар өздерінің әрекеттерінің салдарынан келтірілген зиян үшін Азаматтық Кодекстің ережелері бойынша жауапты болатынын ескеруі керек. Жасы 14-тен 18-ге дейін аралықтағы кәмелетке толмаған баланың зиянды өтеу үшін жеткілікті мүлкі немесе басқа табыстар көзі болмаған жағдайда, зиянды толық немесе оның жетіспейтін бөлігін өтеу міндетті, егер зиянның пайда болуына олардың кінәлі әрекеттері себеп болған жағдайда, ата-анасына, асыраушыларына немесе қамқоршыларына жүктеледі. Зиян келтірген адам кәмелетке толғаннан кейін немесе онда зиянды өтеу үшін жеткілікті мүлік немесе басқа да табыс көзі пайда болғаннан кейін ата-ананың, асыраушыларының, қамқоршыларының бұл міндеті тоқтатылады.

Ескерту. 21-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы сотының 18.06.2004 N 12 нормативтік қаулысымен.

21-1. Ерікті немесе міндетті түрде сақтандыру тәртібімен өзінің жауаптылығын сақтандырған заңды тұлға немесе азамат, келтірілген зиянды толық өтеу үшін сақтандыру сомасы жеткіліксіз болған жағдайда сақтандыру сомасы мен залалдың нақты мөлшерінің арасындағы айырманы өтейді (АК-нің 924-бабы).

Ескерту. 21-1 тармақпен толықтырылды- ҚР Жоғарғы сотының 2011.12.30 N 5 нормативтік қаулысымен.

22. Алынып тасталды - ҚР Жоғарғы сотының 2004 жылғы 18 маусымдағы N 12 нормативтік қаулысымен.

23. Алынып тасталды - ҚР Жоғарғы сотының 2011.12.30 № 5 нормативтік қаулысымен.

24. Осы қаулыны қабылдауға байланысты Қазақ КСР Жоғарғы Соты Пленумының 1988 жылғы 16 желтоқсандағы "Республика соттарының денсаулыққа тиген зиянды өтеу жөніндегі заңдарды қолданудың кейбір мәселелері туралы" № 9 қаулысының күші жойылды, КСРО Жоғарғы Соты Пленумының 1986 жылғы 5 қыркүйектегі "Денсаулыққа келтірілген зиянды өтеу туралы істер жөніндегі сот тәжірибесі туралы" № 13 қаулысы Қазақстан Республикасында қолданылмайды деп танылсын.

25. Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабына сәйкес осы нормативтік қаулы қолданылатын құқықтың құрамына кіреді, сондай-ақ жалпыға бірдей міндетті болып табылады және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ескерту. 25-тармақпен толықтырылды – ҚР Жоғарғы Сотының 31.03.2017 № 2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Нормативтік қаулысымен.

Қазақстан Республикасы

Жоғарғы Сотының Төрағасы

Қазақстан Республикасы

Жоғарғы Сотының судьясы,

Пленум хатшысы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК